# ҚАЛАМГЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

**Аудандық орталық кітапханада саналы ғұмырын халық қазынасына арнаған этнограф-жазушы Майбас Төрехан Әкімжанұлының 70 жас мерейтойына орай «Өлкенің тектi ұрпағы» атты автограф кешi өттi.**

Аталмыш шараға Төрехан ағаның шашбауын көтеріп Қарағанды қаласынан замандасы Журналистика академиясының академигі Нұрхан Хамзеұлы мен Журналистер одағының мүшесі Оралбек Жүнісұлы келді. Кітапхананың шараларынан қалмайтын ауданның атынан бірнеше байқауларға түсіп жүлделі орынға кенеліп жүрген сахнаның сылқым сұлулары “Ай-Шах” хореографиялық ансамблі қазақ биі «Шаттықпен» қонақтарды қарсы алды. Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ахметов Асхат Жанатұлы кешке келген мерейтой иесі мен қонақтарға ізгі тілегін айтып, кешегі қазақтың ескі жолымен иықтарына оқалы шапан жапты.



Төрехан Әкімжанұлының әрлі әңгімесін тыңдаймыз деп аудандық Ы.Алтынсарин мен Ж.Ақылбаев атындағы мектептің 8-10-шы сынып оқушылары және Шет агротехникалық колледжінің студенттері арнайы келді. Асыл маржан ару мойнына, алмас қылыш ер қолына жарасатыны секілді сөз асылы да өз орнында құнды. Кеш қонағына қойылған сұрақтардың қатары қалың болды. Оқырмандарға экран арқылы Төрехан Майбастың еңбек жолымен кітаптары көрсетіліп, күні кеше жарық көрген «Алжыған ғасыр» кітабына жасалған буктрейлер ұсынылды. Кешке келген мектеп оқушыларына Төрехан ағаның замандасы Нұрхан Хамзеұлы тұлғаны танып, шығармаларын оқып жүру керектігі жайлы ойлы ақыл айтты. Шараны қорытындылай келе, аудандық орталық кітапхананың директоры Мейрамгүл Сансызбайқызы қалың оқырмандарға және кеш қонақтарына ұжым атынан алғыс айтып, қаламдарыңыз қаңтарылмасын, жазарларыңыз таусылмасын деп жылы тілегін білдірді. Ауылға ат басын бұрып, алтын уақытын бөліп келген Төрехан ағамыз оқырмандармен естелік сурет жасап, ақ батасын берді.

**Азамат НҰРАХМЕТОВ,**
**Шет аудандық орталық кітапхананың қызметкері.**

Шет шұғыласы. - 2024. - 2 мамыр (№18). - 3 б.